

- 2 Ybyraev Ş. *Epos әlemi. Qazaq batyrlyq jyrlarynyñ poetikasy.* -Almaty: Ğylym, 1993. – 296 b.

Şartty qysqartular

- 1 B.j. 6 t. 89. – *Batyrlyq jury. 4- tom.* –Almaty: Jazuşy, 1989. – 400 b.
2 D.H.A. – *Dosmūhamedūly H. Alaman.* –Almaty: Ana tili, 1991. – 176 b.

МРНТИ 16.21.55

Өтеген Н.О.,¹ Қалниязова А.Қ.²

¹ Сулеймен Демирел университеті,
Қаскелең қ., Қазақстан

² Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ БАСҚАРУ ІСІНЕ ҚАТЫСТЫ
ЖЫР-ТОЛҒАУЛАР ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**

Аңдатпа

Жыраулар қай кезде де елдің әлеуметтік жағдайын, хан-сұлтандар мен халық арасын, жаугершілік заманда ұрпағының бас амандығына алаңдаушылықты және сол мәселелерді шешуді басты мақсат етіп қояды. Қай кезеңде болмасын жыраулар жыр-толғауларында ел, жер, қоғамның шешілмеген мәселелері, орта, ұрпақ тәрбиесі, жақсы мен жаман арасы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік айырмасын жете түсіну, қиындықтарды шешу, т.б. айтылады. Мақалада жауынгер жыраулар келелі прагматикалық қуатты жыр толғауларымен елдің, ел мен жерін қорғайтын ер азаматтардың патриоттық рухын көтерудегі рөлі талданады. Жауынгер жыраулардың тыңдаушысына айтар сөзінің құдірет күші ел рухын көтеріп қана қоймай, күрмеуі қиын шешілмеген мәселелерге және ел басқаруға қатысты келелі ойларын айта білді. Жауынгер жыраулар ырғақты, ұйқасты, терең ойлы толғауларымен елдің ішкі де, сыртқы да саясатына араласып, қазақ халқының ер азаматтарына жауынгерлік рух беріп отырған.

Түйін сөздер: жауынгер жырау, жауынгерлік рух, тарихи тұлға, прагматика

Otegen N.,¹ Kalniiazova A.²

Suleyman Demirel University,
Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

**PRAGMATIC POTENTIAL OF THE WORKS OF ZHYRAU RELATED TO GOVERNING THE
COUNTRY**

Abstract

Zhyrau always paid attention to the social situation in the country, the relationship between khans and sultans, the welfare of their descendants during the war and the solution of these issues. At any time, Zhyrau's poems speak of unresolved issues of the country, land, society, environment, education, the difference between good and evil, the difference between good and evil, justice and injustice, problem solving, etc.

This article analyzes the role of citizens protecting their country and raising patriotism. The power of words that the warrior-zhyrau spoke, not only lifted the spirit of the people, it helped to express their bright thoughts about difficult unsolved problems and the governance of the country. The warrior-zhyrau spoke rhythmically, harmoniously, with the deepest sayings intervened into the domestic and foreign policies of the country, and raised the spirit of the people.

Keywords: warrior-zhyrau, warlike spirit, historical person, pragmatic

Өтеген Н.О.,¹ Қалниязова А.К.²

¹Университет Сулеймен Демирел,
Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭЗИИ ЖЫРАУОВ УЧАСТИЕ В ДЕЛЕ УПРАВЛЕНИЯ СТРАНОЙ

Аннотация

Жырау всегда уделял внимание социальной ситуации в стране, взаимоотношениям ханов и султанов, благополучию их потомков во время войны и решению этих вопросов. В любое время в стихах Жырау говорят нерешенные вопросы страны, земли, общества, окружающей среды, воспитания, разницы между добром и злом, разницы между добром и злом, справедливости и несправедливости, решения проблем и т. д..

В статье анализируется роль стихов -сказанияи воин жырауов в важных вопросах, как управление государством, и в поднятии патриотического духа защитников Отечества. Воинжырауовв своих творениях не только показали могучую силу слова, но и выражали свои взгляды по сложным проблемам управления государства. Воины-жырауов дали патриотический дух населению, также своими проникновенными стихами -сказаниями влияли на внутреннюю и внешнюю политику государства.

Ключевые слова: воин жырау, боевой дух, историческая личность, прагматика

Кіріспе. Жыраулар қай кезде де елдің әлеуметтік жағдайын, хан-сұлтандар мен халық арасын, жаугершілік заманда ұрпағының бас амандығына алаңдаушылықты және сол мәселелерді шешуді басты мақсат етіп қояды. Қай кезеңде болмасын жыраулар жыр-толғауларында ел, жер, қоғамның шешілмеген мәселелері, орта, ұрпақ тәрбиесі, жақсы мен жаман арасы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік айырмасын жете түсіну, қиындықтарды шешу, т.б. айтылады. Соның ішінде ел басқару ісіндегі хан-сұлтандар әрекеті, алда кездескен қиындықтардан қалай құтылу жолдары, күрделі түйінді істерді шешу жолдары, сонымен бірге елдің түрлі мәселелеріне деген көзқарасы анық, нақты көрсетіліп отырады. Жыраулардың ішінде жауынгер жыраулардың рөлі, қызметі ерекше болған. Жауынгер жыраулардың өмірден алған тәжірибесі, өмірлік пайымы ерекше екенін «бір ауыз жыр жолдарынан» байқаймыз. Адамзат баласының дүниетанымын, адам болмысын танып білуде қыр-сырын, қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларды терең түйсікпен, ерекше байқампаздықпен түйсіне білді, оны толғауларында өткір тілмен жеткізіп отырды.

Әдістеме. Жыраулар поэзиясына қатысты Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Ғұмар Қараш, т.б. ғалымдардың зерттеулері қазақ ғылымына зор үлес қосып келеді. Әдебиет саласында, оның ішіне жыраулар поэзиясына қатысты Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Бердібай, Е.Ысмаилов, А.Ысқақов, Т.Тебегенов, т.б. құнды бағалаушы ғылыми еңбектері бар. Сонымен қатар, қазіргі таңда өзектілігін жоймаған тіл білімі саласында ірі еңбек авторлары Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, т.б. жыраулар поэзиясының тілдік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталады. Жыраулар поэзиясына, жекелеген жыраулар туралы, жыраулар поэзиясында түрлі концептілердің маңызы, жыраулар поэзиясы философиясына терең үңіле білген С.Қасқабасов, С.Негимов, Қ.Сыдықов, Н.Келімбетов, С.Ақатай, Б.Омаров, Б.Жүсіпов, М.Тапашев, Т.Мұқашев, Б.Нұрдәулетова, т.б. ғалымдардың ой-пікірлері мен ұлттық құндылықтарымызды арттыруға арналатын ғылыми еңбектерді ерекше айтуға болады.

«Жырау» - әлі әлеуметтік ғылымда зерттелмеген, сыры ашылмаған күрделі ұғым. Ол тек ақын, әнші емес, ол – қоғам қайраткері. Бірақ сонымен бірге өнері бар, ал қажет болғанда ел бастайтын қолбасшы [1,91]. Жыраулар ел, хан алдында ғана жырлаушы ғана емес, елі мен жерін қорғаған батыр жыраулар, әскери жорыққа бастаушы қолбасшы, әрі жауынгер жыраулар болды. Сондықтан жыраулардың қоғамдағы рөлі, әлеуметтік орны ерекше болып табылады. Қай кезеңде болмасын халықтың тұрмыстық әлеуетін, халық арасындағы түрлі мәселелерді ашып көрсетуде, қоғамдағы келелі мәселерді екі ауыз сөзбен, яғни салмақты, мағыналы сөзбен аша білді. Әсіресе, хандық дәуірдегі жыраулардың халық алдындағы орны салмақтырақ болды. XV-XVIII ғасырдағы жыраулар

шығармашылығының ерекшелігі – ұлттық болмысымызды айқындайтын келелі жыр шумақтарының (салмақты, мағыналы-мәнді, ақыл-кеңес беру мақсатында берілуімен) көркемділігінде. Әсіресе жыраулардың жаугершілік заманда халықтың, ел батырларының т.б. рухын көтеріп, намыстарын қайрап, ел арасын біріктіру, халық пен жоғары биліктегілер арасын жақындастыру мақсатында бере білуінен байқауымызға болады. Жауынгер жыраулар келелі жыр толғауымен елдің, ел мен жерін қорғайтын ер азаматтардың патриоттық рухын көтеріп отырды.

Мәселенің зерттеу тарихы. Ғалым Б.Кенжебаев «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет үстірт карағанда сарай – орда әдебиеті сияқты. Бірақ асылында олай емес. Қазақтың қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті сарай-орда әдебиеті емес, халық әдебиеті» [2], - деп берген пікірінен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет, әрине, жыраулар поэзиясының кемелдігін көрсетіп отыр. Жыраулар поэзиясында тарихи тұлғалар, хан-сұлтандар, танымал ру басы, көсем басы, ел басқарған батыр жыраулар тұлғасы айқын көрінеді. Және де поэтикалық рухты жырларды бере білген көркем, тілі сауатты, ойы айқын, білгір, ақылгөй дана, болашақты көре білген жырауларды көруге болады.

Жауынгер жыраулардың шығармашылығы хан, сұлтандарға, т.б. (жекелеген адамдарға) арнаулар, ер азаматтарды рухтандыратын, ел бірлігін сақтауға шақыратын, ел мен жерді сақтауға кеңес беретін, ғибрат пен насихаттан, көркемдік шеберлікке толы прагматикалық қуатты сөздерден тұрады. Қазақстандық ғалымдар Ж.Отарбекова мен Н.Нурғалиева: «Ұлы даланың ұлы ойшылдары, ұлт рухын ту еткен жауынгер батырлары, ақын жыраулары сол дәуірдің ақиқат шындығын ұрпақ жадында қалдырып, игі істерді дәріптеп, үлгі-өнеге болатын сөз айтуды мақсұт еткен» [3,172], - деп жауынгер жыраулардың артына қалдырған өнегелі ұлы мұраларын айқын көрсетеді.

Мәселенің талқылануы. Ел, хан-сұлтандар алдында жыраулардың беделі жоғары болды. Толғауын толғап, жырын жырлап, ел мұңын жоқтап қана қойған жоқ, тыңдарманының психологиясын аңғарды, эмоциясын жыр арқылы бере білді, рухтандыра да, келеңсіз жағдайларға төтеп бере де білді. «Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникациясына қатысты айтар болсақ, жырдың дүниеге келуі көп жағдайда суырыпсалмалық (импровизация) жағдайда өтетіндіктен, коммуникацияға дейінгі кезең жырдың арналатын ортасының (жыраулар тілімен айтсақ, алқаның) психологиялық қалпына, менталды деңгейіне, сонымен бірге жырды дүниеге келтіруге «мәжбүрлеген» алғышарттарға байланысты өрбиді», [4,118]- деп ғалым Б.Нұрдәулетова айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас қандай халде, қандай жағдайда отырғанына байланысты жыр-толғау мәтін мазмұны әр алуан болып келетіндігін айтады. Жауынгер жыраулар халық алдында ақылдылығымен, данагөйлігімен, даналығымен де ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында шоқтығы биік, Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы, дана биі болған Асан қайғы жырау ханға өсиет, насихат сөздерін айтып қана қоймайды. Ол қуатты ел, тәуелсіз мемлекет болуды армандайды. Жәнібек ханға қарап айтылатын ақыл-кеңес, өсиет түрінде берілетін Асан қайғы жыраудың «Ай, хан, мен айтпасам...» толғауында:

*Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің [5,24],*

- деп ханға тікелей сөйлеуінде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, халқына дұрыс қарай алмай жатқанын ашына жеткізе біледі. Асан қайғы ханға қатты сөйлесе де, әдеп сақтай отырып сөзін дөп жеткізеді.

*Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?! [5,24]*

– деп қаратпа сөз ретінде хан назарын өзіне аудартып сөйлейді.

*...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,*

*Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!*

– деп Асан жырау бірде хан деп, бірде хан есімін атау арқылы назар аудартып қана қоймайды, зілді де дәлелді сөзімен *неге сөйлейсің, неге білмейсің* деп сұрақ қойып ханға ой тастап отырады. Асан қайғы батыр, ақылгөй, дана жырау:

*... Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі нараду,... [5,23]*

- деп жаугершілік заманда ел азаматтарының нақты бір жерде келелі кеңес құра алмағанына налыса, енді бірде:

*Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,*

- деп жаугершілік күндердегі жүрісті «нәлет біздің жүріске» деп қамыққанын білдіртпей, қатты кейіс түрінде айтады. Асан қайғы жыраудың елді басқаруда ханға берген кеңесінен «Өз» әдептілігін сақтай отырып, зілді көзқарасын ашық бере білді. Сондықтан әділдігімен, ақылдылығымен, көрегендігімен жырауларды бастап тұрған батыр да, данагөй жырау деп айтамыз.

Ал Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауында» Темір биді өзіне назар аударта отырып, кеңес береді:

*...Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзіңсің!
Білерді білмес не демес, сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың!, [5,37]*

- деп сұлтанға назар аудартатын айшықты, көркем теңеу сөздерімен қаратып, реніш сөзімен бірге ақыл-кеңесін береді. Шалкиіз жырау *арабы торым, алдаспаным, қағбамсың* деп орынды қолданыс табады.

*Көбең семіз торыңмын,
Көп құлыңның бірімін, -
Жақсыңнан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің, - деп сұлтанға ренішін әдеп сақтап отырып жеткізе білді.
Жақсыңнан мені кем көрсең,
Жаманыңмен тең көрсең,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда
Брысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін!,*

– деп Шалкиіз жырауел басқаруда жақсы мен жаман, артық не кем деп бөлуге болмайтынын астарлап жеткізеді. «*Тең атаның ұлы едің*» деп өзіне сұлтанды қаратып, *жауға шапсаң берен ки, жаныңа батыр жи, жамана сырыңды алдырма* сынды сақтық кеңестерін береді. Жыраулар шығармашылығында орны ерекше Шалкиіз жыраудың толғауындағы сөз қатарын алып қарасақ:

*Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін,
Сен сұлтансың – мен құлмын,*

Сен сұңқарсың – мен қумын...

- деген жолдарында ханға 2-жақта атап, ал өзін 1-жақта қойып сөзін ұтымды қояды. Сонымен бірге екі құбылысты (*алтынсың-пұлмын, жібексің-жүнмін, сұлтансың-құлмын, сұңқарсың-қумын*) қарама-қарсы қойып шендестіре суреттейді. Шалкиіз жырау Темір биге «Сен» деп алтынға, жібекке, сұлтанға, сұңқарға теңеуімен айтса да, «Мен» арқылы артында елі, халқы тұрғанын жеткізеді. Жыраудың «Менінен» астарынан зілді ескерту айтқанын аңғаруымызға болады. Жыраудың ел басқарып отырған сұлтандарға жалпылама ақыл-кеңесі мен ескертуін Темір биге арналған толғауынан анық байқалады. Елге ие болуда, бас-көз болуда, ел басын біріктіруде күштің ғана емес саналы ақыл керектігін де айтып өтеді. Толғаудан хан-сұлтандар ел алдында қандай дәрежеде болса, жырау дәрежесі олардан кем түспейтін «биік сатыда» тұр. Өзіндік «Мені» бар Шалкиіз жыраудың қайсар батыр екендігін, тектілігін, қайталанбас кемеңгерлігін және парасаттылығын байқаймыз. «Жыршы жыраудың эпикалық және лирикалық-дидактикалық шығармаларды орындау кезі – психологиялық күрделі құбылыстары тұтаса танылатын сәт» [6,74], - деп нақты көрсетеді. Жауынгер жыраулардың қоғамдағы болып жатқан жайлардан да ақпарат береді.

Шалкиіз жыраудың «Би Темірге Хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны» толғауында:

*Қара бас күспен шалдырып,
Көк теңіздің үстінде
Көтеріп желкен аштырып,
Жүк тиедің кемеге,
Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге!*

- деп Би Темірдің «Тәңірінің үйі» деп Мекке Мединеге сапар шеккенін арнайы көрсете отырып, өзінің айтпақ болған ойын жеткізеді.

*Бұ кеткеннен қайтпасаң,
Ел, әйелің, сәбиің
Көзінің жасын төктірдің,
Қабырғасын сөктірдің,*

- ұзақ жолда сақ болуын ескертеді. Би Темірге «Сұлтан ием», «Едігеден туған ұғылды», «Атан қумас бурасың», «Тегеуріні өзіңсің», «Қу сұлтаны саһарсың», «Боз сұңқарым өзіңсің» деп сұлтаны бойындағы қасиеттерді ерекшелейді.

*Жолың да болсын, ау, ием,
Сен де кетіп барасың.
Енді өзіңнен соңратын
Жұртқа бір лайық ие жоқ,*

- деп ол кеткен де елдің жайы не болмақ екенін түсіндіреді. Шалкиіз жырау – ел мен хан-сұлтан, билер арасын байланыстырушы көреген адам. Әскери жорықтар қатарында жүрген жауынгер жырау қатардағы халық жайын, тұрмысын хан-сұлтанға жеткізіп қана қоймай, сұлтанға да, халыққа да дем беріп, рухтанырушы, уайым-қайғыны сейілтүші, кеңес беруші дана жырау рөлін анық біле түсеміз. Шалкиіз жыраудың Темір биге айтқанынан әскери жорықтарға бірге шыққан адал сарбазы, от тілді жауынгер болғанын білеміз. «Халықтың сөз өнері арқылы қалдырған бай мұрасы біздің бабаларымыздың өз ұрпағын тәрбиелейтін басты құралы болды. Сөздің құдіретін түсінген халық бір ауыз сөзге бас ұрып, алдыңғы толқын ағаларға, ел ішіндегі би, шешендерге, аузы дуалы қарияларға қараған, солардың аузынан шыққан әрбір сөзге мән берген. Көшпелі халықтың арасында жазылмаған дала заңы қалыптасқан. Қанша мықты болса да, бір ауыз сөзге тоқтаған. Сөзге тоқтамаған адамнан ел-жұрт теріс айналған», [3,171] - деп сөз өнері құдіреті туралы айтады. Сондықтан қай уақытта түйсігі жоғары қазақ елінің мұңын, шерін, арман-тілегін жеткізуші жыраулар болды.

Жауынгер жыраулардың ішінде Ақтамберді жырау да жалынды жырларымен ерекшеленеді. Ақтамберді жырау – атақты батыр, орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі [5,57]. Ақтамберді жыраудың Бөгембай батырға арнауында:

*Уа, қарт Бөгембай!
Құяр жауын аспаннан
Қара бұлт торласа,
Пәлекет елде көбейер
Жігітті жігіт қорласа,
Ақбөкен келіп жығылар...
Жуылмай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес.
Шабыссаң, қане, шығып көр,
Жау емесің күш жетпес,
Дарабоздай қолбасы,*

- деп жорыққа аттанар алдында ер азаматқа тән сөздерін айтады. Еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, қалай да жерін қорғайтын от тілді батыр, әрі жырау екенін көрсетеді.

Жиембет жырау – ел басқарушы би, әскербасы батыр, жауынгер жырау. Жиембет жырау хан-сұлтандармен тең араласып, өзін іскерлігімен де, батырлығымен де көзге тез түседі. Жыраудың Есім ханға айтқан өсиет сөзінде

*Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім.
Ес білгенде, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін..*

- деп Ер Есімге өзінің сүйеу де, демеу де бола білген жан екенін айта отырып, елі кеңе құрғанда ақыл айтатын «Өзін» қалай таппақ екенін сұрайды. Егер де өзі болмаса күні не болмақ екенін бір ауыз сөзбен аңғартады.

*Менім ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай,
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай,
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай,
Періктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайыңдай,*

- деп өзінің ерлігін жолбарыс пен аюға, өрлігін асау тайға, зор екенін бекіре мен жайынға, қайтпас беріктігін қарағай мен қайыңға теңейді. «Жолбарыс пен аюдай», «тайыңдай», «бекіре мен жайындай», «қарағай мен қайыңдай» Жиембет жырау толғауында өз бойындағы қасиеттерін белгілі нәрселерге теңейді. Ғалым Қ.Жұмалиевтің «Теңеудің өзіне тән ерекшелігі – белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету» [7,113] деп көрсеткеніндей Жиембет жыраудың толғауда ханға өзін тең ұстай отырып, ел билеудегі істеріне, ел жағдайын өткір тілімен ашық айтады.

XVII ғасырдың тумасы Марғасқа жырау Есім ханның жорық жырауы болған, 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін басуға қатысқан. Сонымен қатар, Марғасқа жырау біздің заманымызға жеткен санаулы жыр жолдары оның қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы от тілді, орақ ауызды жырау екенін танытады. Марғасқа жыраудың:

*Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың, [5,56]*

- деуінде Тұрсын ханға өзімсініп елді еңіреткен қатігездігін бетіне басады. Осы жерде жыраудың прагматикалық қуаты күшті сөздерді дәл қойып айтуынан еріксіз адам назарын қаратынын байқауымызға болады.

*Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да
Ажалы жеткен пақырсың!*

Жыраулар поэзиясында парасаттылығын сақтаған өзіндік Мені бар жеке қаһарман, Марғасқа жауынгер жырау ретінде де, қарапайым халық атынан да прагматикалық қуаты зор жыр, толғауларымен ерекшеленеді. Қиын қыстау кезеңдерде жыраулар халыққа дем, жорықтарда ер азаматтарға рух берді. Сонымен қатар хан ордасы ішіндегі және сыртқы саясат істеріне де өз көзқарасын, тіпті ақыл-кеңесін беріп отырды.

Жыраулар поэзиясында тарихи тұлғалар, хан-сұлтандар, танымал ру басы, көсем басы, ел басқарған батырлар, жыраулардың айқын көрініс табады. Және де поэтикалық рухты жырларды бере білген көркем тілі сауатты, ойы айқын, білгір, ақылгөй дана, болашақты көре білген жырауларды көруге болады. Хан-сұлтандардың елді басқарудағы орнын құрметтей отырып, өзіндік «Мені» мен оларға «Сен» деп батыл айтып, сонымен қатар әдептілігін сақтай ақыл-кеңестерін, тіпті ескертулерін сыпайы түрде шебер жеткізді. Жыраулар сөзін мақсатсыз айтпаған. Олардың поэзиясында ел, халық тұрмысы ғана емес, тарихи оқиға, үлкен-кішінің ой-санасы, дүниетанымы, өмір туралы жырланды. Сондықтан халық жырауларды ерекше құрметтеген, ақыл-кеңесін, сөзін тындай білген.

Жауынгер жырауларымыз қоғамдағы болып жатқан түрлі жағдайларға өзіндік үн қосып отырды, халық пен халық арасын, халық пен хан-сұлтандар арасын жалғастырушы тұлға болды. Ғалым Р.Сыздық: «...өзге де өлең-жырларды тудыраушылар өте дарынды және жауапты өнер тұлғалары болған. Олар поэзия дүниесінің талаптары мен заңдылықтарын жақсы сезінген және сөз өнерінде дәстүр жалғастығы дегенді мықты сақтаған» [8.18 б], -деп жыраулардың поэзия құдіретін ерекше сезінгендігін және сөзге талап қоя білгендігін айтады.

Қорытынды. Жыр-толғауларымен ел рухын көтеріп отырды, күрделі мәселелер шешіміне тоқтау бола да білді. Жауынгер жыраулар ырғақты, ұйқасты, терең ойлы, елдің ішкі де, сыртқы да саясатына араласып, ханның да, елдің де жағдайларына алаңдап, күрделі мәселелерін шеше алды. Қазақ халқының ер азаматтарына жауынгерлік рух беріп отырған. Қазақ халқы өміріндегі әлеуметтік қоғам қайшылықтары мен тартыстарды, тәуелсіздікті, бейбіт өмірді аңсаған халық арманын, тілегін жырға қосып жырлады. Қазақ халқы XV ғасырда басталған түрлі қиын-қыстау кезеңдерді өткерсе де, жақсылықтан үміттерін үзбеді, ер азаматтардан, батырлардан, халықпен етене жақын, әрі өзін хан-сұлтандармен де тең ұстайтын жауынгер, өр рухты жыраулардан үміт күтті. Ұлы сайын даламызда орын алған жағдайлар мен халық түсінігіндегі ұғымдарымыз, салт-санамыз, дәстүрлер көрінісі жыраулардың жыр-толғауларында кең орын алып, ауыздан-ауызға кең тарап, түпкілікті жоғалмауына сеп болды. Жыраулар салған із, жыраулар қалдырған мұраларымыз, ұлттық құндылықтарымыз – бүгінгі ұрпақ өмірінде, санасында. Қазақ халқының мәдени танымын, дүниетанымдық көзқарасын бейнелі тілмен бере білген жыраулар поэзиясының күші прагматикалық әлеуетті қуаттылығында жатыр. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымыздың бірі сөз өнерін, сөз құдіретін, прагматикасы қуатты сөзді жыраулар поэзиясынан көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы. Алматы, 1999. 308 б.
- 2 Кенжебаев Б. Асау жүрек. Алматы, Жазушы 1975. -168 б.
- 3 Отарбекова Ж.К. Нұрғалиева Н.Б. Қазақ тіліндегі өсиет концептісі. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Астана, №2 (77) 2019.
- 4 Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, филология сериясы, Астана, №2 (123) 2018.
- 5 Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды). Алматы, 1991. -Т. 1. -384 б.
- 6 Шамахова А. Қазақ романдарындағы ақын-жыраулар бейнелері // Ақиқат. А, № 3 наурыз, 2007 ж.
- 7 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, Мектеп баспасы, 1969 ж. 243 б.

8 Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. Алматы, Арыс баспасы, 2009. -272б.

References:

- 1 Nysanbaev Ä. *Qazaq filosofiasy. Almaty, 1999. 308 b.*
- 2 Kenjebaev B. *Asau jürek. Almaty, Jazuşy 1975. -168 b.*
- 3 Otarbekova J.K. Nurgalieva N.B. *Qazaq tilindegi ösiet konseptisi. // Qazaqstannyñ ğylymy men ömiri. Astana, №2 (77) 2019.*
- 4 Nürdületova B. *Jyraular poeziasy mätınıniñ komunikativtik erekşeligi // L.N.Gumilev atyndağy EÜU habarşysy, filologia seriasy, Astana, №2 (123) 2018.*
- 5 *Ai, zaman-ai, zaman-ai...(Bes ğasyr jyrlaidy). Almaty, 1991. -T. 1. -384 b.*
- 6 Şamahova A. *Qazaq romandaryndağy aqyn-jyraular beineleri // Aqiqat. A, № 3 nauryz, 2007 j.*
- 7 Jūmaliev Q. *Ädebiet teoriasy. Almaty, Mektep baspasy, 1969 j. 243 b.*
- 8 Syzdyqova R. *Qazaq tilindegi eskilikter men jañalyqtar. Ğylymi-tanymdyq zertteu. Almaty, Arys baspasy, 2009. -272b.*

МРНТИ 17.71.07

Рақыш Ж.С.¹

¹ *М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ТЕРМИНДЕРІ: СӨЗДІК ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ фольклортануының терминдер сөздігін жасаудың қағидалары мен тәжірибесі сипатталады, қазақ фольклортануының қазіргі жетістіктеріне негізделген терминдер талданады. Қазақ фольклортану ұғымдары мен терминдерінің даму бағыттары мен негізгі кезеңдері ұлттық фольклортанудағы терминдер базасының қалыптасу тарихымен тікелей байланысты. Қазақ фольклортануы саласында ұлттық және жалпы түркілік терминдер басым болса, ал орыс тілі арқылы шет тілден енген терминдердің үлесі аз екенін талдау нәтижесі көрсетті. Алайда фольклор жанрлары негізінен ұлттық терминдерден құралса, жалпы фольклортанулық терминдер мен ұғымдар халықаралық терминдерден тұрады. Қазақ фольклортануының терминдерін біріздендіру мақсатында фольклортанудың ғылыми терминдерін жүйелеу мен қалыптастыру, бекітілген дәстүрлі терминдерді өзгерту, терминдердің көп мағыналығы мен жарыспалы қолданысы қарастырылды.

Түйін сөздер: терминдер сөздігі, ғылымтермин, фольклор, фольклортану, жанр, терминдерді біріздендіру, терминжасам

Rakysh Zh. ¹

¹ *M.Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

THE TERMS OF THE KAZAKH FOLKLORE STUDIES: THE EXPERIENCE OF THE PREPARATION OF THE DICTIONARY

Abstract

This article introduces the principles and practice of developing a terminological dictionary of Kazakh folklore, also were analyzed new terms based on the current achievements in Kazakh folklore. The main stages and directions of development of Kazakh folklore concepts and terms are directly related to the history of the terminology base formation in national folklore. The analysis showed that in Kazakh folklore there is a predominance of national and general Turkic terms, and the share of Russian language borrowed